

Ақпар

Ә. Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты КММ- сінде Ақтоғай ауданының білім бөлімінің инклюзивті білім беруді дамытуға арналған айлық шеберіндегі іс- шаралар жоспары бойынша 6 наурыз күні «Біз біргеміз» атты айлық іс шараның ашылу аясында 7,8 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

тренинг мақсаты; Оқушылар арасындағы байланысты нығайта отырып, бірін – бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.

Өткізген: Әлеуметтік педагог **Ж.Калиева**

Педгог- психолог Г. Кенған





Наурыз айының 9 күні «**Инклюзивті білім беруде әлеуметтік педагогтың рөлі**» тақырыбында 7 А, 7Б, сыныптар арасында кеңес берілді.

Кеңес беру мақсаты: Тәрбиелеу барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Оқыту үшін балалардың өмір жағдайына сәйкес және олардың әлеуметтік бейімделулеріне пайдалы болатынын мазмұнды таңдау керек. Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагог даму мүмкіндігі шектеулі балалармен көптеген жұмыстар жасайды. Бұл саладағы оқушылар ерекше назарда болады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, спортқа, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту әлеуметтік педагогпен әрбір мұғалімнің міндеті.



Өткізген: Әлеуметтік педагог Ж. Калиева

Наурыз айының 14 күні “Жан жылуы” атты психологиялық тренинг өтті.

Қатысқандар: 6 “А”, 6 “Б” сыныптары

Тақырыбы: Жан жылуы

Мақсаты: Балалардың бойларындағы адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, ізгілік, инабаттылық, ақылдылық, әдептілік қасиеттерін ояту.

- Жаксы тілек, ізеттілік, ізгілік туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Қайырымдылық қарым - қатынас жасау, іскерліктерін дамыту;
- Мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу.





Өткізген: Педагог-психолог Кенған Г.Қ.

Наурыз айының 9 күні «Стресстен шығу жолдары» тақырыбында тренинг өткізілді.

- ▶ Тренинг мақсаты: Оқушылардың тренингте өздерін еркін ұстауын және көңіл-күйін шоғырландыру. Оқушылардың қорқыныштары мен стресстерінен арылту, ашық болуға шақыру. Кез келген жағдайда ойларын дұрыс жеткізуге бейімдеу болып табылады.



«Д.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) мектеп жапындағы интернат» КММ

Тақырыбы: «Стрестен шығу жолдары» тренинг

Әлеуметтік педагог: Калиева Ж.С.

Педагог-психолог: Кенған Г.К.

«Стресс және оған аралық жолдары» тақырыбына таныстырылым.

Тренинг кезеңдері/ жоспарланған уақыт:

Ресурстар: Слайд.

Стресс – адамның мазасызлығынан туындайтын көбіне өзі бейімделмеген жұмыстардың шамадан тыс болуына байланысты бейімделген психикамен организмнің өзгерістерге шырауына әкелетін процесс ретінде саналады.

«Стресс» ағылшын сөзі, аудармасы «қысым, тартылыс, қысым келтіру» деген мағынаны білдіреді. Ең алғашқы рет стресс сөзіне анықтама берген канадалық физиолог Ганс Селье

Стрестің пайда болу себептері:

Уақытты жетіспеушілігіне байланысты жұмыс,

Ақпараттың шамадан тыстығы:

Тұлғаға ұжымдық қысым;

Өзіне және қоршаған ортаның өміріне қауіп төндіретін жұмыстар;

Міндетті түрде шектелу;

Өмірде мақсаттың болмауы;

Болып жатқан жағдаяттарды қалыпқа келтіре алмау және тағы басқа.

»

□ **Өткізгендер:** мектеп психологы Г.Кенған, әлеуметтік педагог Ж. Калиева